

I 2007
40654



Борис Ранев Балашов

Сапар БАЙЖАНОВ

Сапар БАЙЖАНОВ

**УШ ТОМДЫҚ
ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР**

БІРІНШІ ТОМ

**“Елорда”
Астана – 2006**

Сапар БАЙЖАНОВ

**УШ ТОМДЫҚ
ТАНДАМАЛЫ ШЫГАРМАЛАР**

ЗАМАНДАС ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ
(монография)

БІРІНШІ ТОМ

“Елорда”
Астана – 2006

ББК 84 Қаз 7-44
Б17

Байжанов С.
Б17 Замандас туралы толғау (*Монография*). I том.
— Астана: Елорда, 2006. — 376 бет.

ISBN 9965-06-413-X

Сапар Байжанов — әдебиеттану, сын мәселесімен көптен шұғылданған, әдеби қауымға танымал.

Сыншының “Замандас туралы толғау” атты бүл кітабына белгілі жазушы Зейін Шашкиннің творчествосы арқау болған.

Автор жазушының сан салалы еңбекінің ең негізгісі — көркем прозасын ғана екшеп алғып, соны түбекейлі жан-жақты зерттеуге дең койған. Жазушы творчествосы — жазушы өмірімен, қоғамдық жолымен, көзқарас-пікірімен салыстыра, салғастыра отырып, кезендік, уақыттық түрғыда қаралған.

Б 4702250201—367
450(05)—06

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-413-X

© Байжанов С., 2006
© “Елорда”, 2006

АЛФЫ СӨЗ

Туған әдебиетіміз бен мәдениетімізге елу жылға жуық уақыт тер төге еңбек етіп, қазақ баспасөзінің еңбекторысы атанған, белгілі журналист-жазушы, әдебиет зерттеуші ғалым Сапар Байжанов – жиырмадан астам үлкенді-кішілі авторлық және аударма кітаптардың, үш жүзден аса мақала мен очерк және эсселердің, пьесалардың авторы. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болған, Бүкілодақтық және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының әрі Қазақстан Жазушылар одағының А. Байтұрсынов атындағы сыйлықтарының лауреаты, “Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері” атағының иегері. Публицист-жазушы 1974 жылы “З. Шашкиннің көркем прозасы” дейтін тақырыпта диссертация корғап, филология ғылыминың кандидаты дәрежесін алған, осы еңбегі негізінде “Замандастыруалы толғау” атты ғылыми монография шығарған. Қазақ прозасындағы шоқтықты тұлғаның бірінен саналатын даңғайыр суреткер З. Шашкиннің алты томдық таңдамалы шығармалар жинағына алғы сөз ретінде көлемді де келелі әдеби-ғылыми мақаласын жүртшылық назарына ұсынған. Ізденімпаз, зерделі зерттеушінің осы және бұдан bylайғы жылдарда үзбей жазып, дүркін-дүркін жарияланған мақалалары мен еңбектері оны қазақ әдебисттану ғылыминың танымал өкілдерінің санатына шығарғаны күмәнсіз.

Бұдан кейінгі ширек ғасыр бойында ол шығармашылық һәм әртарапты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жемісті жалғастырып келді. “Сұңқар көңіл самғайды”, “Бес қиян – бесс дәптер”, “Ұлыма хат”, “Ер еңсілі ел” очерк-эссе кітаптарына қоса, “Архив-айғақ”, “Абай және архив” атты сұблі зерттеу еңбектер, “Киянқы тағдыр” атты роман-повестер жазды, көрнекті армян жазушысы Грант Матевосянның “Керқұла” атты повестер мен әңгімелер кітабын, Е. Брусиловскийдің “Дүйім дүлдүлдер” атты естеліктер кітабын қазақшалап жарыққа шығарды. 1996 жылы оның Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының “Ғылым” баспасына шыққан “Құштарлық қуаты” атты эсселер жинағы, “Ана

тілі” баспасынан шыққан жазушы Қ. Исабасвіпен бірлесіп жазған “Қажыға барған қазақтар” атты ғылыми-көпшілік очерк кітабы оқырмандар қолына тиді.

1998 жылы “Қазақстан” баспасы қарымды қаламгердің “Өткениң мұрағат – Өркенгे ұлағат” атты зерттеу-толғау енбекін жарыққа шығарған. Тұстастай алғанда ғалым-жазушының слу жылғы бүкіл шығармашылық қызметі, отсеметсөнғы широк ғасыр кезеңіндегі шығармашылық, һәм ғылыми іздептері мен тындырған сәбектері, атап айтқанда “Архив-айғақ”, “Абай және архив”, “Құштарлық куаты” және басқа кітаптары туған әдебиеттің бен қазақ журналистикасына, қазақ әдебиеттану ғылымына қаламгерлік түрғыда да, зерттеуші ғалымдық түрғыда да елеулі, сындарлы үлес болып қосылғаны анық.

Зерттеуші қаламгердің З. Шашкин шығармашылығына назар аудара, ден қоюы тіптен де бекер деугс болмайды. З.Шашкин өзінің кез келген шығармасын жалаң қиялдан, суреткерлік фантазиядан ғана тудырған жазушы емес. Оның қай шығармасын алсаңыз да тікелей өмір шындығынан болған оқиғалар мен ақықаттан тамыр тартады, оның романдарындағы басты қаһармандар мен жекелеген кейіпкерлер өмірде болған, бар адамдар болып келеді, бірсын пырасының тағдырлары, өміrbаян сұлбалары мен портреттеріне көбіне айна-категісіз үқсас келеді. Осындай суреткерлік ерекшелігі жайында З. Шашкин өзі көзі тірісінде жариялаған мақалалары мен әңгімелерінде де аз айтылмаған, жазушының архивінде сакталған құжаттар мен жазбаларда да нақты сез болып, мысалдар келтіріледі. Міне, З. Шашкиннің қаламгер есебіндегі осы қыры мен оның шығармашылық қызметін, тек қана өмір шындығына, өмірде бар адамдар мен болған, ақиқат оқиғаларға құруды кәсіп еткен, машық еткен қасиеті зерттеуші жазушы С. Байжановтың оң жамбасына дәп келген. Нақты өмір шындығы көркемдік шындықты шебер шендерестіре, киуластыра, нанымды өрімдеу жөнінде майталман суреткерлер санатындағы З. Шашкин шығармашылығы С. Байжановтай ізбасар, ізденімпаз қаламгер үшін бір жағынан жазушылық түрғыда шындалу, үйрену, ессею мектебі болса, екінші жағынан әдебиеттанушылық түрғыда таптырмайтын олжамен барабар зерттесу кеніші, объектісі болғаны дәлслдеуді керек етпейтін, айдай ашық ақиқат. Мұны көнігі қаламгер, жасамыс зерттесүші С. Байжанов өзінің шығармашылық, ғалымдық жолмен тудырған азын-аулақ

істерінс, қол жеткен бір қайырылған межелі кезеңде еш қымқырмastaн, қайта кәдімгідей сүссілі мереймен, ауыз толтыра мәлімдегенінің еш ерсілігі жок.

Жазушы-ғалымның Қ. Исабасевпен бірлессіп жазған “Қажыға барған қазактар” кітабы өз алдына бір төбе енбек. Бұл кітаптың басты қасиеті – тұтастай дерлік нақты архив құжаттары мен деректерін шебер киюластыра, жүйеге салып, тарихи-әлсұмсттік тұрғыда кесек түйіндесулер мен пайымдаулар білдіруінде, қазақ олкесінде ислам дінінің таралуы, мұсылман мешіттері мен ұлттық мектептер пайдада болуы, тіл мен дін секілді өзекті мәселелердің шешілу тарихынан мол мағлұматтарды ғылыми айналымға қосуында. Сонымен бірге бұл кітаптың ғылыми публицистика мен көркемдік талаптарына үйлесімді, келісті арнада, татымды да тартымды, қызығылқты өрімделуі де назар аударалық. Қазактың ғылыми-көркем деректі әдебистінің мүмкіндіктері мен бүгінгі өрелі денгейін таразылап, дәйекті ой қортындылауға да әдемі мысал болары сөзсіз.

Сондай-ақ жазушының слуїнші-алпысынышы жылдардағы Р. Тагор, Н. Тихонов, Ю. Казаков бастатқан жазушылардың әңгімелерін қазақшалаған там-түм аудармаларын еске алмаған күнде, оның соңғы он шақты жыл көлемінде көрнекті армян жазушысы, даңғыл прозаик Грант Матевосянның “Керқұла” (“Оранжевый табун”) атты повестер мен әңгімелер кітабын, қазақ елінің музика мәдениетін дамытуға ерен үлес қосқан, әйгілі композитор Е. Брусиловскийдің “Дүйім дүлдүлдер” атты естеліктерін қазақша сөйлетіп, жеке кітап етіп шығаруы елемеуге боларлық енбек емес.

Атап айтатын нәрсе – болашақ ғалым-жазушы сонау 50-жылдарда Қазак университетін бітірерде 1952 жылы жазған “Майдандық қазақ газеттеріндегі очерктер” дейтін тақырыптағы диплом жұмысымен-ақ әдебиеттану ғылыминың есігін сығалаған деуге болады. Деректі әдебиет зерттеу бағытындағы талабын 60-жылдарда “Жұлдыз” журналында (1966, № 6) жариялаған “Майдан очерктері” атты мақаласымен дәйектей түскен. Оның “Жаңа леп” (1958) атты тырнақалды очерк кітабынан бастап, “Жаксы адамдар жанымызда” (1964), “Жастьқ шақ” (1968), “Замандас туралы толғай” (1973), “Уш киян – уш даңғыл”, “Сұнкар көңіл самғайды” (1980) және басқа кітаптары әдебиет жанкүйерлерінің назарына ілігеді. Жазушының шығармалары жайында әр кезде жоғарыда соз болғандай, қазақ

әдеби сыйнының көшбастаушы тұлғаларының бірі, академик М. Қаратаев, қазақ тарих ғылымының көкжал сардары, академик М. Қозыбаев, Ұлттық Академияның корреспондент-мүшелері, даңғыл тарихшы К. Нұрпейісов, көрнекті жазушылар Ә. Қанахин, С. Жұнісов пен Ә. Тарази, К. Оразалин мен Д. Досжанов, әйгілі әдебиетшілер А. Сейдімбеков пен Б. Тоғысбаев, танымал қаламгерлер Т. Ыдырысов, Ә. Жәмішев, Н. Шәкеев, Ж. Дәуренбеков, О. Сағынбаев, А. Айтпаев, Б. Мусин, Ә. Ибрағимов, Б. Мұстафин, Б. Сарбалаев, С. Бәйменшин және басқалары әр шығармасына пікір білдіріп отырғаны кездесісоқ емес деп бағалаған абыз. Осы фактінің өзі-ақ қаламгер туындыларының кенеулі, кемерлі арнада екендігінің, өміршөндігінің айқын бір бейнесі. Өмірінің соңғы сәтінде дейін қолынан қаламы түспеген Сапар Байжанов қазақ әдебиеті мен баспасөзінің талмас еңбекторысы, қабырғалы қаламгер, білікті ғалым, еркенді тұлға болғанына дау жок.

Журналист-жазушы, әдебиет зерттеуші ғалым Сапар Байжановтың 75 жылдығына орай жарық көргелі отырған үш томдық Таңдамалылар жинағының бірінші кітабына “Замандас туралы толғау” атты монография, ақын Шәкір Әбеновтың поэзиясын зерттеген ғылыми еңбегі және деректі проза жайындағы “Деректілік – дәйектілік мәйеңі” деп аталатын көлемді ғылыми жазбасы мен Абай бастаған біраз ақын-жазушылардың шығармашылығына арналған еңбектері қамтылған. Ал екінші кітапқа жазушының көзі тірісінде жарық көрмеген әңгіме, повесть, эсселері енген. Таңдамалы жинақтың үшінші кітабында жазушының аяқталмай қалған өмірдеректік эсселерімен бірге өз өмірін өзек етіп алған “Алтын діңгек” және “Атасы мен Айнұрдың әңгімелері” деп аталатын повестері бар.

Корыта айтқанда, қазақ мәдениеті мен әдебиеті, журналистика саласында сонау елуінші жылдан бермен қарай мәртебелі де жауапты қызметтер атқара жүріп, жемісті дс құнарлы шығармалар, һәм ғылыми-зерттеу жұмыстарын тудырған жазушы-ғалым Сапар Байжановтың жоғарыда сөз болған қыруар еңбегінің жиынтығына қоса, осы үш томдыққа еніп отырған ғылыми, әдеби, һәм көркем-публицистік туындылары әлі де талай халқының, келсер үрпақтың рухани байлығына айналып, қызмет етсөндері хақ.

Күләш Бейсенбиева



**ЗАМАНДАС
ТУРАЛЫ ТОЛГАУ**

Монография

БЕТАШАР

Замандас, осы біз қандаймыз? Арамызда игі жақсы, өнегелі азаматтар деп кімдерді атаймыз? Жақсы болса, олар нессімен жақсы? Қандай қасиеттерімен қадірлі?

Зерделі жанның көкейінде өміссе осындай сұрақтар жүреді. Ол айналасындағы өмірге, замандастарына, өзінс де ойлы көзбен қарайды. Кино көрсс де, кітап оқыса да осындай сындарлы сауалдарға жауап іздейді. Өмір шындығы мен өнер шындығын салғастырып, таразылайды. Өмірден сабақ алады, өнерден үйрениді. Тынымсыз алга басқан, асудан асу асқан омір талабы осындай. Откеннен сабак, жақсыдан тәлім алып өрге тартқан, киядан кырға кол созған өмір заны осындай.

Заман қаһарманы кім? Ол қандай? Кімнен үлгі алып, кімге теңелмек керек? Халық алдындағы азаматтық парызын теренген үққан әрбір суреткер алдымен осындай өлсумстік мағыналы сұрақтарға жауап іздең, тебірсөн толғанады, қолына қалам алып, шабыт шақырады. Шын суреткер дарын еріккеннен ермек стіп әсте жазбайды, болмаса жоқты-барды теріп, көрген-білгені жайында естелік қалдыру үшін ғана қалам тербесмейді. Азамат жазушы ондай арзанды алданыш түтпайды. Шын дарың, азамат жазушы өзін халықтың перзентімін, халық ойы мен арманының жаршысымын деп біледі, шабыты мен дарынын әманда үлкен де ізгі мақсат, асыл арман жолына бағыштайды; Туған халқының ырысы мен дәuletін, мерейі мен бақыттың гүлдендіре түсү; замандастарың, кейінгі келер үрпақты жақсылыққа үндсө, жамандық атаулыдан безіндіру үшін, өмірдің көленкелі тұстарын азайтып, шуағын молайтуға ықпал жасау үшін өнерін, ғұмырын сарп етеді, ұлы жазушылар өміссе солай істеген. Арғы-бергі өмір құбылыстарының терең қатпарларына, замандастарының жан сарайына ыждағаттылықпен жіті үніліп, азаматтық, суреткерлік үнін, уақыт, халық үкімін білдіреді. Демек, кез келген шығарма – суреткердің өмір жайлы түйсігінің көрінісі: Заманына, замандастарына көзқарасының жиынтығы болып табылады. Тілссін-тілемесін ол творчествосымен өмірге өз қатынасын білдіреді, өз ойынан хабар береді.

“Әдебиеттің мақсаты – адамның өзін-өзі тани түсуіне көмектесу, өзінс деген сенімін молайту жәнс ақиқатқа құштарлығын өршіту, адамдардың бойындағы жамандық атауымен күрессу, олардың бойынан жақсылықты корс білуге үйрету, адамның ар-намысын, ыза-кегін, қажыр-қайратын оятып, олардың қайтксіде абзal, асыл, құдірсті адам болып шығуна жәнс өздерінің омірін сұлулықтың қасиетті рухына бөлеуіне көмектесу”, – дейді совет әдебиеттің атасы, ұлы жазушы Максим Горький.

Әр жазушы халық алдындағы, тарих алдындағы азаматтық парызын әр түрлі жолдармен өтейді. Біреулер халқының ертедегі ерлік шекіресін тәптіштей зерттеп, ой көзімен таразылап, халқына, келер үрпакқа сабак есебінде өз түйсік-танымын, тұжырымын айтуға тырысады. Біреулер аргы-бергі қаһармандар ішінен өзі ұнатқан, пір тұтқан бірер ерен адамның өмір жолын егжей-тегжейлі зерттеп, соның елеулі бір сипаттын, ерлігін, азаматтығын үрпактарға үлгі стіп, тарихта қалдыруды мұрат етеді. Енді біреулері бүгінгі өзі өмір сүрген дәуірдің елсулі құбылыстарына суреткерлік көзбен зер сала үңіледі, өз замандастарының ішінен типтік қаһармандар табады да, солардың өмірін творчествосына арқау етеді, айналасындағы адамдардың бойындағы ізгі қасиеттерді паши стіп, мадақтайды, ұнамсыз, келіссіз атаулыны шенеп, мінейді. Сөйтіл, күнделікті өмір ағымына жедел ықпал студі, келер үрпакқа өз дәуірі, өз замандастары жайлы ескерткіш қалдыруды мақұл көреді.

Зейін Шашкин, негізінен алғанда, осы соңғы жолды ұстанған суреткер. Ол туған халқының өзі өмір сүрген кезіндегі өмір белестерін шығармасына өзек етіп, XX ғасырдың елу жылдық мерзімін көркем бедерлеуге талпынған. Сол уақыттың, сол заман адамдарының қасиеттерін, жән әлемін кестелеуді көздеген. Жазушы өмір сүрген дәуірдің өзіндік сипаттары нендей? Адамдары қандай? Алдыңғы қатарлы, өнегелі адамдары кімдер, олардың басты-басты қасиеттері қандай? Олардың өздерінде дейінгі үрпактардың ерекшелігі, өзгешелігі неде? Шығармаларын зер сала оқысақ, осы тақылеттес сұрауларға түбегейлі жауап табамыз. Бұл шағын еңбекте біз З. Шашкиннің басты-басты прозалық шығармаларын талдай отырып, жазушы қаһармандарының ңегізгі сипаттары мен замандастар тұлғасы, оның айрықша сипаттары жайында пікір толғауды көздейміз.

ЖІГЕРЛІ ТАЛАНТ

“Екінші бір өнімді топ – Мұхаметжсан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойласаңдар әділ болады. Олар – жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған жігерлі талант. Өмірге қомағайлық (жақсы магынада) ала келген. Шығармалық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етіседі”.

М. Әуезов

Ақылды, сөзге де, мінезге де ұста, қыыннан қысындырып жіберетін іскер, тапқыр, тіршіліктің қамына келгенде айласы да, амалы да бес аспап, пысық адамдар аз емес өмірде. Тіршіліктің қожалары, қынышылық дегенді білмейді олар. Қайғы-нала, жәбір-жапа дегенді көрмсіді олар. Дені сау, киімі бүтін, тамағы тоқ – қыскасы, “қағанағы қарқ, сағанағы сарқ”. Жақсы, өнегелі адамның үлгісі осы ма? Былай қарасаң, пәлендей көзге түсер міні жоқ, тіршіліктің жөнін білетін, есті, онды адам. Ешкімге жамандығы, зияны жоқ, кінесіз пенде. Соларға еліктеуіміз керек пе?

Жоқ. Біздің ұғымымызда жақсы, өнегелі адам біз пір тутып, табынатын, сондай болуды мұрат ететін адам ол емес. Адамның қадір-қасиеті ақылдылығымен, іскерлігімен, алдын-артын ойлай біletін көрегендігімен, білімпаздығымен ғана өлшенбейді. Әңгімс адамның бойындағы ақыл-қайратының, білім-парасатының, өнер қабілестінің, тапқырлығы мен іскерлігінің қандай мақсатқа жұмсалатынында. Адамның басқа тіршілік әлемінен алабөтен айырмашылығы – өз басын асырап-сақтауды, кайтксендс жан сауғалап, күнелгуді місс тұтпайтынында. Адам – биік сатыдағы, саналы жаратылыс, қоғам дейтін ұлы колективтің мүшесі. Қоғамда өмір сүріп, жеке бастың ғана игілігін көздесу, ең сырпайы айтқанда, рухани жарымжан, тоғышар жанның кәсібі. “Өзі үшін өмір сұру – өзі үшін оттаған хайуанмен тсі” деп бұрынғының ғұлама ұлдары да тауып айтқан.

Өзі үшін оттаған хайуанға тәслемес үшін, әр адам өзінің айналасына, өскен ортасына, туған халқына, еліне, Отанына пайдалы іс тындыруға, қоғам, адамзат иглігі үшін қымыл-әрекет жасауға ұмтылуы керек.

Әдебистіміз халық өмірінің көркем шежіресі болуымен қатар, ұлксн тербислік міндестті де алдына қояды. Ол өзінің мазмұнымен, көркемдік-эстетикалық тәсілдерімен сліміздегі қоғамдық құрылым ісін, жаңа адамды тәрбиелсу мүддесіне иглікті қызмет етіп келеді. Әдебиет пен өнер жаңа адамды тәрбислеудің маңызды құралы. Бүкіл әдебиетіміздің тарихы, оның белді буыны – қазақ совет әдебиетінің көп жылдар бойғы тәжірибесі мұны айқын дәлелдейді.

Қазақ совет жазушылары өзінің сурсткерлік таланттымен туған халқына, сүйікті Отанына адаптация мен студе, сөйтіп, еліміздегі қоғамдық құрылым ісін шапшаңдатуға, жаңа адам тәрбиелеу жөніндегі ізгі міндестті шешуге лайықты үлес қосуда. Мұны белгілі жазушы Зейін Шашкиннің творчествосынан да айқын көреміз.

Зейін Шашкин – қазақ совет әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар көрнекті өкілдерінің санатына қосылады. Ол “Тоқаш Бокин”, “Теміртау”, “Доктор Дарханов”, “Сенім” сияқты сүбелі романдардың; “Ұядан үшқанда”, “Темірқазық”, “Өмір тынысы” сияқты татымды повестер мен ондаған әңгімелердің авторы. Ол – шығармалары қалың қөшпілікке танылған белгілі прозаик қана смес, бірнеше пьесаларымен, киносценарийлерімен республика театrlарының сахнасы мен киноэкранына шыққан драматург, киносценарист. Сонымен қатар, З. Шашкин – әдебиеттің теориясы мен тарихы, қазақ совет мәдениеті, медицина саласында да түйінді еңбектер мен мақалалар қалдырған әдебиетші ғалым, публицист.

Жазушы Зейін Шашкин 1912 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында Бозшакөл дейтін жерде туған. 1920-1930 жылдарда Зейін Павлодар қаласында орта мектеп қабырғасында тәрбиеленеді. Бұдан кейін бірер жыл Москвандың тарих, философия және әдебиет институтында оқиды. Сол кезден бастап әдебиетпен өуестенеді. Алғашқы шығармалары отызыншы жылдары “Лениншіл жас”, “Социалистік Қазақстан” газеттерінде, “Әдебиет майданы” журналында жарияланады. Өлеңдері, сын зерттеу мақалалары, бірлі-жарым әңгімелері жарық кореді. Газет,

баспа орындарында қызмет істейді, институтта сабак береді. Бұл кезеңдегі әдеби сәбектерінің ішінде Абай поэзиясының тілі, Аскар Тоқмағамбетов творчествосы жайлар мақалалары назар аударапты. Нақ осы жылдары ол Е. Ісмайыловпен бірлесіп “Әдебист теориясы” окулығын жазып бастырады.

Дәрігерлік кәсіпін шүғылданып, медициналық қызметте тәжірибе алады. 1945 жылы Иркутск медицина институтын бітіреді. Кейіннен, слуінші жылдардың орта шеніне дейін, Бурабайда “Бармашы” санаторийінде бірнеше жыл бойы дәрігерлік қызметте болады. “Наступило утро” (“Таң атты”) дейтін атпен 1955 жылы орыс тілінде жарық көрген тұңғыш повесін осында дәрігерлік қызметпен ұштастыра жүріп жазған. Осыдан кейін З. Шашкин Алматыға ауысып, жазушылық қызметпен біржола айналысады. Алғашқы повесін өндеп, “Ұядан ұшқанда” деп ат қойып, 1957 жылы қазақ тілінде бастырып шыгарған. Октябрьдің 40 жылдығы қарсаңында М. Гольдблатпен бірлесіп, “Заман осылай басталды” атты пьеса жазады. Бұдан кейін қалың жүртшылыққа әйгілі “Тоқаш Бокин”, “Теміртау”, “Доктор Дарханов”, “Сенім” романдарын; “Темірқазық”, “Өмір тынысы” атты повестері мен әңгімелерін, пьесалар мен сценарийлер жазады.

З. Шашкин мұнымен қоса әдеби сын, очерк, публицистика саласына да белсене қалам сілтеді. “В.И. Ленин әдебиет пен өнер жайында”, “Қазақ әдебиетінің кейір мәселелері”, “Абай” романының көркемдік ерекшеліктері”, “Фабиттің стилі жайында”, “Сәбит романдарын оқығандағы ойлар”, “Қазақ драматургиясының тарихынан”, “Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар” сияқты мақалалары мен зерттеу еңбектері, медицина тақырыбына жазған мақалалары З. Шашкиннің жан-жақты бай эрудициясын, әдеби білімдарлығын, азаматтық белсенділігін танытады.

З. Шашкин әдебиетте он жылдан аз-ақ астам уақыт еңбек етті. Сол аз ғана уақыттың ішінде төрт роман, үш повесть, ондаған әңгіме, очерктер, пьеса, киносценарийлер беріп үлгерді. “Тоқаш Бокин”, “Ақын жүрегі” пьесалары қазақ драма театрының сахнасына қойылды. Оның шығармалары негізінде “Дүбірлі таң” (“Тревожное утро”) атты кинофильмі экранга шықты.

Бұл шағын еңбек З. Шашкиннің бүкіл творчествосын тұтастай егжей-тегжейлі қамтып, барлығына бірдей

идеялық-көркемдік талдау жасау мақсатын көздемейді. З. Шашкин шығармаларының десі прозалық туындылар. Оның суреткер ретінде өнімді еңбек сткен саласы да, кол жеткен табыстары да осы проза саласында. Сондықтан зерттеуші, негізін алғанда, жазушының прозалық туындыларын, әсірессе, романдарын талдай отырып, оның жаңа адамның қалыптасу проблемасын шешу жөніндегі суреткерлік ізденистерінс база назар аударады. З. Шашкин творчествосы бұған дейін тұтастай алғанда арнаулы зерттесу объектісі болмағанымсы, оның жеке шығармалары жөнінде баспасөзде де, мәртебелі ресми жиналыстарда да айтылған пікірлер қыруар. Соңғы жылдарда З. Шашкиннің творчествосы қазіргі әдеби процестің мәсслелерін қарастыратын монографиялық еңбектерде де сөз болып жүр. З. Шашкиннің шығармаларының көркемдік қасиеті, ерекшелігі жайында байыпты толғамдарды М. Қаратасев, Т. Нұртазин, Р. Бердібасев, Е. Смайлов, Т. Кәкішев, Е. Лизунова, А. Нұрқатов, М. Базарбасев, Ш. Елеуkenов, Ж. Ысмағұлов және басқа әдебиет зерттесушілердің еңбектерінен кездестіреміз. Зейнінің романдары мен повестері жайында З. Кедрина, Л. Никулин, В. Добровольский, И. Кремлев, А. Семенов, Р. Фаизова, Н. Анов, И. Шухов сияқты орыс жазушылары мен әдебиетшілерінің де мақалалары мен рецензиялары бар. З. Шашкин шығармалары кезінде Республика Жазушылар одағының пленумдары мен басқа да әдеби жиындарда көңінен сөз болған. Тіпті, оның “Теміртау” романы жайында “Қазақ әдебиеті” газетінің бетінде үлкен пікір алысу үйімдастырылған. “Доктор Дарханов” романы жайында Жазушылар одағында арнайы дискуссия өткен. Оның сыртында З. Шашкиннің жазушылық қызметіне, творчествосына байланысты замандас жазушыларының: М. Әуезовтің, F. Мұсіреповтің, Х. Есенжановтың, З. Қабдолотовтың, Ә. Нұршайықовтың және басқаларының мақалалары, рецензиялары, хаттары бар. Оның негізгі шығармалары жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған оқулықтарда аталып, талданған. Бұларға аудандық, облыстық газеттерден бастап республикалық газет-журналдар беттерінде З. Шашкин шығармалары жөнінде жарияланған жергілікті әдебиетшілер мен оқушы қауымның мақалалары мен хаттарын қоссак, З. Шашкин творчествосы жайында ой қорытуға қыруар материал бар

екенін аңғарамыз. Мұның бәрі, бір жағынан, З. Шашкин творчествосының әдебиет қауымына ғана емес, қалың көпшілікке танылғандығымен сипаттаса; екіншіден, оның туған әдебиет тарихында өзіндік орын аларлық, құнарлы мұра екендігін дәлелдей түседі.

З. Шашкин творчествосын зерттеудің ғылым үшін бірнеше түрлі құнды сипаты бар. Біріншіден, З. Шашкин бүкіл өмірін, бар өнерін советтік өмірді жырлауға бағыштаған жазушы. Советтік өмір болғанда оның дәл өзі өмір сүрген кезеңінің алдыңғы шебіне елден бұрын қалам тартып, әрі жемісті нәтижелерге жеткен жазушы. Расын айту керек, З. Шашкин белсene қызмет еткен елуінші, алпысыншы жылдарда әдебиетшілер арасында бүгінгі заман тақырыбына жазудың қындығы, замандастар өмірін кең толғап жазу үшін араға уақыт салу, толғау, уақыт елегіне өткізу қажеттігі жайында пікірлер бел алып жүрді. Міне, нақ сол кезде З. Шашкин бірінші болып батыл қадам жасап, Қазақстан Магниткасы аталған Теміртау металлургия заводының өмірінен роман жазды. Бұл – Қазақстан жұмысшы табының жаңа бір отряды – металлургтер өміріне арналған, елуінші жылдарда ғана іргесі көтеріле бастаған Теміртау қаласының жұмысшылары өмірінен жазылған тұнғыш роман еді. Оған іле-шала З. Шашкин және бір тың тақырыпқа қол салды. Қазақ әдебиетінің тарихында – дәрігерлер өмірін тұнғыш роман жазды. Шағын бір медицина колективінің өмірін суреттей отырып, жазушы дерігер замандастардың қоғамдағы орны, халық алдындағы азаматтық борышы жайында, қазіргі замандастардың, интеллигенция өкілдерінің рухани бейнесі жайында ой саларлық шығарма берді. Жазушының нақ осы кезде жазған “Темірқазық” повесі мен “Сенім” романы да замандастар өмірін көркем әдебиетте бейнелеудің, бүгінгі күннің көкейкесті, өзекті проблемаларын көтерудің жемісті үлгісі еді десек асырып айтқандық болмайды. Шынында, бұл шығармалар нақ сол кезеңінің ең көкейкесті ұраны – тың игерушілер, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің өміріне арналған, яғни ағындаған өмір талабына жедел үн қатқан әрі сәтті туындылар еді.

З. Шашкин – советтік заманды жан-тәнімен сүйген жазушы. Жаңа заманының әр жетістігі оны шаттандырады, керісінше мұдір-мүкіс міндері, шалыс қадамдары қабырғасын қайыстыра толғантады. Әлі келгенінше, романымен де, повесі, әңгіме, мақаласымен де советтік өмірдің шуа-

ғын молайта түсуге, өсу екпінін үдете түсуге қолғабыс етуді мұрат тұтқан. Аурулы бола жүріп, қындық-кедергі атаулылармен арпалыса жүріп, кейде налып, кейде бәркін аспанға лақтыра қуана жүріп, сарыла еңбектенген. Мұны әр шығармасынан, мақалаларынан, достарына хаттарынан айқын аңғарамыз.

Творчестволық жұмысты ол ксң көлемді қоғамдық-саяси жұмыспен ұштастырады, бірнеше жыл Қазақстан Жазушылар одағы партия үйімінің секретары болды, Алматы қалалық Советінің депутаттығына сайланды. Қазақ совет әдебиетін дамытудағы жемісті еңбегі үшін, жасының елуге толуына байланысты СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1962 жылы жазушы Зейін Шашкинді Құрмет белгісі орденімен наградтады.

Зейін Шашкин творчестволық кемеліне келген шағында 1966 жылы 29 наурызда ауыр науқастан мезгілсіз дүние салды. Талантты жазушы тікелей әдебиетте аз ғана уақыт еңбек еткенімен, артына өшпес із, туған әдебиетінің алтын қазынасынан лайықты орын аларлықтай игі мұра қалдырды. Зейін Шашкиннің таңдамалы алты томдық шығармалар жинағының шыға бастауы, 60 жылдық мерейтойының республика көлемінде құрметпен мерекеленуі жазушының жемісті еңбегінің айғағы болумен бірге, халқының өнер қайраткерлеріне, олардың творчествосына деген құрметі мен қамқорлығының көрінісі болып табылады.

Жазушы Зейін Шашкиннің өмірі мен творчествосын ежжей-тегжейлі зерттеп, оның туған әдебиет тарихынан алар орнын сарапалау – өнер қазынасын мұра тұтқан үрпақтар мойнына жүктелетін парыз. Оның сан салалы, күнарлы мұрасын талдап зерттеу, игеру жұмысы енді ғана басталды. Біз өз еңбегімізді әдебиеттану ғылымының осы игі мұддесін өтеу жолындағы алғашқы қадам деп қана санаймыз. Өйткені ғылымның сара мұддесі, ғылыми пікір берер ғана зерттеушінің байқау-пайымдауларымен тәмамдалмайтыны ақыкат.

Ардагер азамат, коммунист жазушы Зейін Шашкин өзінің творчествосымен өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін көтере отырып, заман сырын, замандас келбетін көркем кескіндей білді. Бұл – жазушының суреткерлік өнерінің игі жемісі, азаматтық ескерткіші, әдебиетіміздің, халқымыздың игілігі.

KYRESCKEP ҚАҢАРМАНДАР

“Коммунист жазуыш Зейін Шашкин қазіргі заман туралы, совет халықтарының достығы туралы шынышыл әрі дарынды шыгармалар жазды”

(“Казахстанская правда” газетінен)

“Тоқаш, Қайыр, Еремин, Құрыштай, Дәмештер – шын мәнісінде тарих шеңжіресін жасаушылар... Бұл олірдің асу-асу белдері мен аса соққан жеслерін бастаң откерген, үйренері де, үйретері де көп жандар”.

(“Социалистік Қазақстан” газетінен)

Уақыт озған сайын, коммунистік құрылыстағы табыстарымыз берін жетістіктеріміз артып, халқымыздың мереі мен бақыты марқайған сайын, осынау ырысты жана заманды орнату жолында от кешіп, өмірін, жанын қиған революция қаңармандарының асыл бейнесі шырайланып, бедерлене береді. Олардың тұңғылғы түнек ішінде найзағайдай жарқылдап, ескілік, қаранғылық атаулыға қарсы айбарлы үн көтеріп, елді қанды кешу, бітіспес күреске бастаған өр, қайсар тұлғасы тарих деңгейінен биіктеп, көзге асқақ та ардақ шалынады. Ер есімі ел есінде. Жылдар да отеді, жапырақтар сарғаяды. Ұрпақ орнына ұрпақтар келеді. Бірақ халық қаңарман ұлдарын ешқашан да естен шығармайды. Қайта, уақыт озған сайын шынайы үздік ерлерінің есімін аса бір ыстық ілтипатпен қастерлеп атап, олардың құрметіне алуан түрлі ескерткіштер орнатады. Мұның өзі халықтың халықтығын, іргелі ел екендігін танытып, ғасырлардан ғасырларға жеткізетін қасиетті дәстүр екеніне көрі тарихтың өзі күөгер.

Әр заманның өз мұраты бар, әр заманның өз қаңарманды бар. Шоқан, Ыбырай, Абайлар да заман қаңармандары: олар туған халқының өнер-білімге жетілу, ұлы орыс халқымен достасу арқасында терезессі тен, іргелі елге ай-

налатынын замандастарынан оза шауып, қыыр болашақты болжап, сұңғыла көзімен көре білген. Олардың тарих деңгейінен биқтеп, қиядағыны шалған көрсегендігіне араға ғасыр салып тарих белсесіне енді көтөрілген бүгінгі үрпақтары әрі қайран қаламыз, әрі сүйінеміз.

Ғасырымыздың алғашқы ширегінде ескілік пен жаңалық толқыны бітіспес құрессе шығып, арпалысқан аласапыран кезенде еңбекші елді тенденция, бостандық жолына бастаған революционерлер – шынайы қаһармандар. Олардың қаһармандығы уақыт талабын дұрыс аңдай білгендігінде фана емес, тап жауына қарсы қанды шайқасқа жүргегі тітіркенбестен, қасқайып шыға білгенінде. Соңғы жылдарда республикамыздың кітап баспаларынан Әнуар Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” атты кітабы, Илияс Есенберлиннің “Қаһар” атты романы, Дүксінбай Досжановтың “Отырар” повесі және басқа кітаптар жарайқ көрді... Бұлардың қай-қайсысы болсын, халқымыздың сан ғасырлық өмірінің келелі кезеңдерін суреттейтін, ел басына күн туған сын сағаттарда елім деп сіреген ерлерді дәріптейтін игі мирастың қуәлары... Халықтың қадірлі үлкыздарына арналып, қалаларымызда орнатылған ескерткіштер, олардың есімімен аталған мектептер, колхоздар мен совхоздар, аудандар мен қалалар, революционерлер образын жасайтын кинокартиналар мен театр спектакльдері, романдар мен повестер, поэмалар мен өлең-әндер халқымыздың бұрынғы өткен ардагер ұлдары мен қыздарын құрметтеп, дәріптеу жөніндегі игілікті дәстүрдің айтулы көріністері.

Революция қаһармандарының әдебиеттегі бейнесін жасау жөнінде қазақ совет әдебиетінде сындарлы дәстүр қалыптасып келе жатқанын сүйінішпен атамасқа болмайды. Бұл дәстүр сонау жиырмасынышы жылдардың өзінде С. Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” романынан басталған болса; одан бергі жерде И. Жансүгіровтің “Жолдастар”, С. Мұқановтың “Ботагөз” романдары арқылы үдере жалғасып; соғыстан кейінгі дәуірде З. Шашкиннің “Тоқаш Бокин”, Х. Есенжановтың “Ақ Жайық”, М. Жұмағұловтың “Қыран қазасы қияда”, Қ. Исабаевтың “Айқызы” сияқты шығармаларына келіп ұласты. Аталған шығармалар әрқайсысы әрқиыл кезенде жазылғандығына және жазылу формасы, көлемі, көркемдік дәрежесінің әркелкілігіне қарамастан, қазақ топырағында революция-

шыл идеялардың тарапуы, етек алуы жайында, қазақ жалшылары мен кедейлерінің, жұмысшыларының арасында революцияшыл сананың қалыптасуы жайында мол хабар берумен қатар, Коммунистік партияның басшылығымен қазақ жерінде Совет өкіметін орнату жолындағы қанды шайқас, қиян-кескі арпалыстың барысын, құрестің қайшылықтары мен қыншылықтарын, революция кезіндегі жәнс Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ жеріндегі қым-қызыт дүрбелеңі мол тіршілік тынысын окушының көз алдына келтіреді. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі, революция қарсанындағы қазақ ауылшының тарихи-әлеуметтік халі, таптық жіктелу көріністері және таптардың арақатынасы, халықтың ой-арманы, жеке адамдардың жан өлемі, дүние танымы, заман беталысына, революцияға көзқарасы, жалпы алғанда революция қарсанындағы және революция барысы кезіндегі заман таңбалары, қысқасы жана кезең тудырған жана қаһармандар осынау шығармаларда риясyz танылады. Бұл бір жағынан әдебиеттің дүниетанымдық қасиетін байқатса, екінші жағынан туған әдебиетіміздің үлкен тарихи кезеңді, Қазақстан жеріндес Октябрь революциясының жүзеге асуын бедерлеу, революция қаһармандарының көркем әдеби бейнесін жасау жөніндегі маңызды міндеттің мұддесінен шыққан зор жетістігін сипаттайды.

Әлбетте, революция қаһармандары жайлы жазылатын шығармалар бұлармен түгесілмейтіні анық, қайта еңбекші таптың ғасырлар бойы көкейінде құндақтап келген ежелгі арманы – тендік, бақыт заманын тарихта тұнғыш рет біздің елде, Совет елінде, орнатуға ат салысқан ардагер революционерлер жайлы әлі де талай-талай кесек те келелі шығармалар тууы хақ. Әліби Жангелдин, Павел Виноградов... Александр Березовский, Әділбек Майкетов... Угар Жәнібеков... Сабыржан Фаббасов... Сәкен Сейфуллин... Алма Оразбаева... Повестер мен романдар жазуды күтіп тұрған революция ардагерлері аз ба?! Егер халқымыздың осындай ардақты ұлдары жайлы есте қаларлық татымды шығармалар тудырса, әдебиетіміздің мазмұны мен мерейі артқан үстіне арта беретіні даусыз.

Бірер шындыққа жүгінейікші. Бұдан он-он бес жыл бұрын Тоқаш Бокин есімі қалың жұртшылыққа аса мәлім емес еді. Екінің бірі білмейтін десек те саяды. Ал, қазір ол туып-өсіп, қызмет еткен Жетісу өңірі ғана емес, байтақ

Қазақстанда Тоқаш Бокин есімімен таныс емес адам кемдескем. Тіпті ол Одақ көлеміне де аты мәлім адамдар қатарына қосылды. Ол туралы республикалық, облыстық театр сахналарында спектакльдер қойылды, көркем фильм шығарылды, өмірбаяндық очерк пен арнаулы роман шықты. Оны біз ғана емес, кейінгі келер үрпақтар, одан әргілер де билетін болады. Демек, ол бұған дейін өз заманында қалың көпшілікке аты анызға айналған қаһарман болған болса, енді ол байтақ қазақ еліне ортақ, үрпақтан үрпаққа аты мәшінүр заман қаһарманына айналды. Бұдан біз әдебиет пен өнердің өмір танытқыш тарихи мәнін, халықтық қасиетін білеміз, жазушы еңбегінің иглікті жемісін, халықының даңқы, болашағы жолында елеулі еңбек сінірген өнер қайраткерінің ардақ қадірін де мойындаі түсеміз. Тарихтың катпар-қатпар қойнауларының сарғайған беттерін тарихшылармен жарыса ақтара жүріп, он-ондаған адамдармен, көнекөз қариялармен, карт коммунистермен, ғалымдармен, әдебиетшілермен сұхбаттасып, мәслихаттар құра жүріп, тірнектеп, ақиқат деректер жинаған, өмірінің көбі кетіп, азы қалған шағында денсаулығын сарп етіп, демалысын құрбан етіп, тұн үйқысын төрт бөле жүріп осындай күрделі еңбек берген жазушы ерлігіне сүйінбеске лаж жоқ. Үлкен іс үлкен ерлікten туады!

Ес білген шағынан бермен қарай советтік жаңа заманын ыстық-суығын бірге көріп өскен З. Шашкин өзінің творчествосына үнемі жаңа заманды, жаңа заманмен бірге келген жаңа адамды арқау етіп алады. Өзінің шығармаларында сол заманың дүрбеленेң арпалыс, күреске толы тынысын бейнелей отырып, жаңа адамға тән қасиеттерді көрсетуді мақсат етеді.

Әлбетте, жаңа адам дайын күйінде көкten түсे қалмағаны белгілі. Жаңа заман адамының бірсыбыра белгілері сол есکі қоғамның ішінде туып, жетіле бастағаны мәлім. Есқі қоғамның құрсағында бүршік жарып, некен-саяқ адамдардың бойында ғана кездескен қасиеттер енді жаңа заманда үдере бел алып, жалқының емес, жалпының дағдысына айналып, толыса түскенінің айғағы.

Сондықтан да жазушының жаңа заман адамының тұлғасын көркем бейнелеу жөніндегі ізгі мақсатын сонау жаңа өмірдің ұшар басы революция жылдарын суреттеуден бастағаны әбден түсінікті болса керек. Қазақ даласын жайлаған қарангыры, есқі өмірге төзуге болмайтынын, жаңа

өмір орнату қажеттігін түсіне бастаған сұнғыла азаматтар, теңдік, бостандық, еңбекші ел бақыты жолында өмірін сарп еткен, жанын қиған ер жүрек ардагерлер сол кескілескен шайқас жылдарында бой корсеткен. З. Шашкин өзінің үлкен проза саласындағы тырнақ алды туындылары “Ұядан ұшқанда” повесі мен “Тоқаш Бокин” романында осындағы революцияның отты жылдарының адамдарын бейнелейді.

Аталған шығармаларында жазушы Жестісуга Совет өкіметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдарды суреттейді. Халық кімнің дос, кімнің қасекенін ажыратып болмаған дүрбелен кезең. Еңбекші жұртқа теңдік өсперіп, бақытқа жеткізуіді көксеген Совет өкіметінің, коммунистердің өзін қаранды ел бірде түсінсе, бірде түсінбесген кез. Сескенбессе де, сезіктене қарайды. Себебі, тап жаулары, кулактар, діншілдер жәдігейлік сөздерімен, қаскейлік істерімен қаранды елдің санасын улап, көзін бұлдыратады. Революцияның аласапыран шағында өкімет орындарына өтіп алған ұлтшыл жолбикелер коммунистік партияның сара саясатын мұлтіксіз жүзеге асыруши адал коммунистерді аяқтан шалып, мұқатуға, реті келсе, мерт етуге әрекеттер жасайды. Құрстің таптық сипатын қасақана бүркемелеп, ұлттық арнаға бұруға, халықтар арасында ұлт араздығын қоздыруға тырысады. Сақа Сагатов, Тоқаш Бокин сияқты орыс большевиктерінің соңынан ерген революционер азаматтарға қастандық шабуыл жасап, жойып жіберуге дейін әрекеттер істеп бағады. Сөйтіп, жас Совет өкіметінің жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан шыққан кадрларын азайтуға, социализм орнату жөнінде алға басқан қадамына тосқауыл болуға тырысады.

“Ұядан ұшқанда” повесі мен “Тоқаш Бокин” романында Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы қаһарлы да қатыгез, безбен басы бірде олай, бірде бұлай ауған, аумалы-төкпелі тайғақ кезең суреттері елсс береді. Аңдысқан арпалыс, сүрлеусіз сүргін шақ. Әркім әр сақта тартады. Әркім білгенінше жол іздейді, әрекет істейді.

Жазушы заман ерекшелігін адамдардың тіршілік қалпы, жан дүниссі, кәсіп-әрекеті арқылы суреттейді, заманың өзіне тән адамдарын шығарады. Жұніс пен Сақа, Тоқаш пен Сәт, Бәкен мен Құрышпай, Гулжан мен Верса Павловна – қай-қайсысы да мінезі, ой-нисті, іс-әрекеті жөнінен алғанда сол дәуірге тән қасиеттерді арқалаған жаңа түриатты адамдар.

“Ұядан ұшқанда” повесі З. Шашкиннің проза саласындағы көлемді тырнақ алды туындысы еді. Шығармaga arkau болған материалдың қомақтылығы, оқиға қоюлығы, аз сөзге көп нәрсөні, көп ойды сыйғыза білу сияқты З. Шашкин творчествосына тән бірсыныра ерекшелік сипаттар осы алғашқы повестің өзінен-ақ байқалды. Мерзімдік жағынан алғанда “Ұядан ұшқанда” повесі 1920-1922 жылдарды қамтиды. Бірақ шығарма ауқымы аталған мерзіммен ғана шектелмейді, 1916 жылғы халық көтерілісінің қарсаңындағы оқигалар беталысы, көтерілістің өрлеу, етек алу кезеңдері, патша өкіметінің көтерілісті басып-жаншу өрекеттері, азамат соғысының отты лебі, қырық мыңнан астам халықтың Қытай жеріне барып азып-тозып, қырғынға ұшыраған аңы тағдыры, Жетісу өнірі ғана емес, бүкіл Орта Азия аймағындағы жай-жағдаят, адамдардың тіршілік-қалпы, тұрмыс-салты, жан дүниесі әр алуан қырым мен көрініс беріп, оқушы көз алдынан өтеді. Қалың өңбекші елдің патша өкіметі тұсындағы қараңғылық, надандық, дін шырмауына қамалған озбырлық, өктемдік жайлаган правосыз мұскін халі, өз қара басының, байлықтың жолында нендей сүмдік, сорақы қылмыстан да тайынбайтын “ел агалары” байлар мен бектердің, патша өкімдерінің, дін басыларының жымыскы, қорқау құлықтары, қандықөз шетел империалистерінің әрқиыл астыртын тіміскі өрекеттері де сыз береді. Мұның бәрі тоғысы кслгенде жаңа дүниенің ескі құрылышты, ескі идеологияны оңайлықпен жеңбегендігі, өліспей беріспес таптық шайқастар, ар, ождан, сенім тайталасы, қантөгіс қақтығыстар арқасында қол жеткен тарихи женіс, ұлы төңкеріс екендігі жайлы үлкен шындықты аян өтеді. Тап жаулары ескі құрылышты сақтап қалу үшін тоқсан түрлі айла-шарғыны қолданып бақты, халықтың ең бір жанды жері үлттық сезімін, намысын қытықтып, жергілікті халық-қазактар мен орыстарды өзара қырқыстыруға, сөйтіп көтеріліс туғызып, жас Совет өкіметін бесігінде тұншықтыруға тырысты. Бұл жолда дүмше “патриоттардың” да кеселі аз болған жок. Олар қазақ халқын лениндік сара жолдан бұрып әкетіп, үлттық томага-тұйықтық, мешеулік шенгелінс, Бұхар, Иран хандығының және жат жерлік империалистердің жыртқыш тырнағына душар етс жаздады. “Ұядан ұшқанда” повесі осы тақылеттес тарихи ақиқатты көркем әдебиетке тән тәсілдермен нақты өмір